ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

5 желтоқсан 2023 жыл № 3115-23-00-2/2349 іс Тараз қаласы

Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Е. Қалымханов
сот отырысының хатшысы Г. Байжунусованың қатысуымен
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
"Тараз қаласы әкімдігінің құрылыс бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
"ВИЛЕНА" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшының өкілі Каипов Ғ.Ш.
Жауапкердің өкілі Байторенов Н.Р.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

«Тараз қаласы әкімдігінің құрылыс бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі және «ВИЛЕНА» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі арасында 2020 жылғы 18 қантарда № 529 мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалған.

Осы шарттың талаптары бойынша жауапкер Тараз қаласы, Сүлейменов көшесінің соңында № 15 учаскіде орналасқан 5 қабатты 80 пәтерлі тұрғын үйдің құрылысын салуға міндеттенген.

2023 жылғы 4 тамызда жоғарыда аталған шартқа № 529/8 қосымша келісім жасалды. Қосымша келісімнің 1.1 - тармағында объектінің аяқталу және пайдалануға берілу мерзімі 2023 жылғы 30 қыркүйек деп көрсетілген.

Қосымша келісім қазынашылық органдарында 2023 жылғы 24 тамызда тіркелген.

Бірақ белгіленген мерзімде жауапкер өз міндеттерін орындамады.

Осыған байланысты, талап қоюшы жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінді.

Талап қоюшының өкілі талапты қолдады.

Жауапкердің өкілі талап қоюмен келіспей, пікірде көрсетілген негіздер бойынша талапты қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 272-бабына сай (бұдан әрі - АК), міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

АК 651-бабының 1-тармағына сәйкес құрылыс мердігерлігінің шарты бойынша мердігер тапсырысшының тапсырмасы бойынша шартта белгіленген мерзімде белгілі бір объектіні салуға не өзге де құрылыс жұмысын орындауға міндеттенеді, ал тапсырысшы мердігерге жұмысты орындауы үшін қажетті жағдайлар жасауға, оның нәтижесін қабылдап алуға және ол үшін келісілген бағаны төлеуге міндеттенеді.

Жауапкер жоғарыда көрсетілген шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамады.

Заңның 12-бабының 4-тармағы бірінші бөлігінің 3) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда, жиынтығында мынадай: 1) өнім берушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуі; 2) шарттық міндеттемелерді толық орындау; 3) тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауы шарттары қанағаттандырылатын жағдайларды қоспағанда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, сотқа осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қойып жүгінуге міндетті.

Жауапкердің 2023 жылғы 4 тамыздағы № 529/8 қосымша келісімімен жұмыстарды орындау мерзімі 2023 жылғы 30 желтоқсанға дейін ұзартылғаны туралы дәлелдері негізсіз болып табылады, өйткені мұндай мәліметтер қосымша келісімде көрсетілмеген.

Құжатқа қол қойылған: Калымжанов Е. А., 08.12.2023

Заңды күшіне енген күні: 21.02.2024, судья Калымжанов Е. А., 07.03.2024

Осыған байланысты талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану талабы қанағаттандырылуға жатады.

АПК-нің 117 бабына сәйкес жауапкерден мемлекет пайдасына сот шығындары өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот АПК-нің 223-226, 229 басшылыққа ала отырып

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы "Тараз қаласы әкімдігінің құрылыс бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер "ВИЛЕНА" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы - қанағаттандырылсын.

"ВИЛЕНА" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танылсын.

"ВИЛЕНА" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге сот шығыны сомасы өндірілсін.

Шешімге шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Жамбыл облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық тәртіппен апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Шешім түпкілікті нысанда 2023 жылы 8 желтоқсанда шығарылды.

Судья Е.А. Қалымханов

Құжатқа қол қойылған: Калымханов Е. А., 08.12.2023

Заңды күшіне енген күні: 21.02.2024, судья Калымханов Е. А., 07.03.2024